

**Шектеу іс-шараларын тоқтату және "Тарбағатай ауданы Көкжыра ауылдық округіне қарасты Көкжыра ауылының 7 квартал көшесіне шектеу ісшараларын белгілеу туралы" Көкжыра ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 19 тамыздағы № 17 шешімінің күші жойылды деп тану туралы**

Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы Көкжыра ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 30 қарашадағы № 30 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 2 желтоқсанда № 7908 болып тіркелді

**З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабының 8) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 46-бабының 2-тармағы 4) тармақшасына сәйкес, Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі ветеринариялық бақылау және қадағалау Комитетінің Тарбағатай ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитарлық инспекторының 2020 жылғы 10 қазандағы № 664 ұсынысы негізінде Көкжыра ауылдық округінің әкімі ШЕШТІ:

1. Мүйізді ірі қара малдарының арасынан бруцеллез ауруының ошақтарын жою жөніндегі ветеринариялық іс-шаралар кешені жүргізілуіне байланысты Тарбағатай ауданы Көкжыра ауылдық округіне қарасты Көкжыра ауылының 7 квартал көшесіне белгіленген шектеу іс-шаралары тоқтатылсын.

2. Көкжыра ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 19 тамыздағы № 17 "Тарбағатай ауданы Көкжыра ауылдық округіне қарасты Көкжыра ауылының 7 квартал көшесіне шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7463 тіркелген, 2020 жылғы 24 тамыздағы Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде электронды түрде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Көкжыра ауылдық округінің әкімі*

*Г. Атыканов*